

СЕҢКІБАЙ БАТЫР

ОРАЗҒҰЛҰЛЫ

ЕЛ ҚОРҒАНЫ БОЛҒАН

Қалың ел Арғын тайпасының XVII және XVIII ғасырларда «Ақтабан шүбырынды, Алқакөл сұламаға» дейін Сыр бойында көшіп-қонып жүргені тарихи ақиқат. Сол Арғыннан тараған Қаракесек руына жататын Қожас батыр Өнет бабаның адалдығы, әділеттігі үшін жақсы көретін өте бір сыйласымды замандасы болған. Осы тұстағы құба қалмақ шабуылы кезінде Қожас елін қорғауда ерен ерліктер көрсетіп, ерекше көзге түседі. Оның жаудан тайсалмас батылдығына, қайсарлығына риза болған Тобықты руының әрі иісі қазақ халқының қадірменді биі, ақылгөй Өнет баба өзінің кіші қызы Тоқта сұлуды Қожас батырға қосады.

Қожастың сол Тоқта сұлу әйелінен Құлбас, Бектас есімді перзенттер дүниеге келеді. Бектас та жасынан өжет болып, ел намысын қорғауға ат салысады. Халық арасында Жақсы қара атанған Қожас батырдың ұрпағы Бектастан: Мойнақ, Бөргөз, Оразғұл есімді балалар туған. Мойнақ жасынан ел арасындағы дау-шарларды шешуге араласып, би атанады. Ал Бөргөз жас күнінен қару ұстап, қалмақтарға қарсы талай рет шайқастарға қатысады.

Қара шаңырақ иесі Оразғұл ел ішінде адамгершілігі, қайырымдылығы мол, парасатты дәулет иесі болған. Оразғұлды халық қадірлеп Ожаң деп атап кеткен. Қазіргі ұрпағы да Ожаң балалары делінеді. Ол — ұзақ жасаған адам. Оразғұл жасы ұлғайып қалған кезде үйленген үшінші әйелі—қарақалпақ қызы. Оның бәйбішесінен—Сеңкібай, Ақкісі, Желтау, Найза, Ақжол, Балта, Қылыш, Жолдыбай есімді сегіз ұл туған. Солардың ең үлкені, төл басы—Сеңкібай. Екінші әйелі Сырымбикеден—Шой, Қойсары, Тайсары, үшінші әйелінен—Сасықбай, Далбату деп аталатын Қара ұрпақтары тарайды. Ал көп ұлдың бірі Тайсары болса ел арасында Атам аулы атанған. Өйткені, Оразғұл осы Тайсарының қолында қайтыс болған. Ол қазіргі Қарқаралы ауданының «Бейбітшілік» совхозының жеріндегі «Оразғұл басы» деп аталатын кең өлкеде тас бейітте жерленген. Ел аузындағы

аңызға қарағанда мұнда оның мәйіті аманат ретінде қойылған. Ожанның мүрдесі Түркістандағы Қожа Ахмет Иассаудің мазарына жеткізілуі тиіс болған. Бірақ, сол тұста жоңғарлардың үсті-үстіне жасаған шақпыншылығы салдарынан елбасына туған аума-төкпе ауыр заман сол өсиетті жүзеге асыруға мүмкіндік бермеген...

1726 жылы Бөгенбай батыр 10 мың қолмен Алакөл шайқасына бара жатқанда жолшыбай Қарқаралының Жарлы өзенінің бойына тоқтап, әскерін демалдырып, жүздіктерге, мыңдықтарға, бөліп, әртүрлі ұрыс тәсілдерінен жаттығулар жасатады. Ол сол маңда «Қожас батырдың ауылы жайлап отыр» дегенді естіп, әкесінің жақын досына сәлем берейін және одан бата алайын деп арнайы іздеп барады. Бұл тұста Қожас сексеннен асса да әлі тың, ширақ екен. Атағы жер жарған арыстандай айбарлы Бөгенбай батырдың әдейі сәлем бергелі келгеніне көңілі таси риза болып, оны үлкен қошаметпен қарсы алады. Қожас дәулеті мол баласы Оразғұлға бірнеше арнайы үй тіктіріп, Бөгенбай батырға ерекше сый көрсетеді. Әсіресе Ожаңның үлкен баласы Сеңкібай қонақты күтуде асқан ілтипат жасайды. Бөгенбай жас Сеңкібайдың көрсеткен құрметіне шексіз риза болады.

Қожас осы жолы Бөгенбай батырға шөбересі Сеңкібайдан зор үміт күтетінін айтады. Сеңкібай қарт атасы Қожас батырдың тәрбиесінде болып, жас күнінен садақ тартып, найза сілтеуді, жекпе-жекке шығуды машықтанады. Ат құлағында ойнап өседі. Ержүрек, орақ тілді ол тіпті он бес жасында ауыл арасындағы, ағайын ішіндегі реніш пен қуаныштарға ортақ болып, даулы мәселелерге өз пікірін білдіре бастаған екен. Сеңкібайдың әділдігі, ақыл парасатының тұлғаланып келе жатқандығы ерте сезіледі.

Бөгенбай батыр жорыққа аттанарда:—Қаракесекте қара көп қой, Қожас батырдың ұрпағы бұдан былай «Жақсы қара» деп аталсын деген бата береді. Бұл кезде ел билігіне ете-

не араласып жүрген Мойнақ би Бөгенбайға оң сапар тілей отырып:— Осы жорыққа Сеңкібай да сіздің қасыңызға еріп, әскерлеріңізбен бірге аттансам екен деп тіленіп отыр. Қасыңызға ертіп, қолтығыңызға алады өтінеміз,—дейді.

Бөгенбай батыр Сеңкібайдың тұртұлғасына, жүріс-тұрысына, сабырлы да салиқалылығына, батыл қимыл-әрекетіне оны көргеннен бері көңілі әбден толғанын жасырмай, «Жарайды, өз жанымда болсын» деп келісім береді. Бұл кезде Бөгенбай батыр 45 жаста болса, Сеңкібай 17 жасқа жаңа толған екен.

Ол бір жойқын жорық бәсеңдемеген, шапқыншылық толастамаған кез еді. 1723 жылғы жоңғарлар соққысынан кейін есін жия сала қазақ батырлары қайтадан атқа қонып, қолына найза алуына тура келеді. Өйткені, жау жан түршігерлік айуандық әрекеттерді одан әрі өршіте түскен болатын. Жоңғарлар қолға түскен еркектің басын кесіп, әйелдерді шашынан матап, малша қосақтап айдап әкетумен болады. Осы аянышты жағдайды көзбен көрген тарихшы: «Егер Сырдың қамысы мен балығы болмаса қазақтан тұқым қалуы неғайбыл еді»,—деп жазғаны тегін емес. Туған жерден, ағайын-туыстан, сүйген жар мен бауыр-баладан айрылған елдің қанды жас, жаралы жүрегінен «Елім-ай» әуені дүниеге келгені де белгілі.

1725 жылғы: Алакөл шайқасы, одан үш жыл өткеннен кейінгі Шұбартеңіз жағасындағы және Балқаш көлінің оңтүстік өңіріндегі қырғын соғыстар қазақ халқының жеңісімен аяқталып отырған. Одан кейін сексен күн бойғы Шорға соғысы, бір жарым жылға созылған Шаған шайқасы қазақ батырлары жасақтарының жеңіске жетуге болады деген сенімін күшейтеді. Орта жүзден жиналған қалың әскерге басшы болған Бөгенбай баһадүр Бұланты мен Бөленті өзендерінің жағасында қалмақтарға ойсырата соққы береді. Бүгінде сол жерлер «Қалмақ қырған» деп аталып кетті. 1728 жылы Сарыарқаға еніп кеткен жоңғарларға қазақ қолы бірнеше дүркін соққылар беріп, олардың бетін қайтарады.

Нұра даласында жоңғарларға қарсы бір соғыста жиырма жасар Сеңкібай Қонтажының немересі Әмірсананың басқаруындағы 10 мыңдықтың қолбасшысы Ноян Қоренге қарсы жек-

пе-жекке шығады. Жас батыр Сеңкібай астындағы Көкдауыл тұлпарын ойнақтатып, майдан даласына қасқая, бет түзейді. Ноян Қорен онымен жас шамасы қатарлас, бірақ ірі денелі, қара нардай жуан, білектей ұзын айдарлы, қабағынан қар жауған сұсты екен. Ол: «Ал, қазақ батыры, арманда кетерсің, алғашқы кезекті саған бердім» деп айғай салады. Көкдауылын ойқастата шауып, етің қызды-ау деген шақта сол қолында найзасын, оң қолында Қожас атасының жеті бүктемелі ақ семсерін ұстаған Сеңкібай күйіндай ызғытып, жауға қарай ұмтылады. Қалмақ батыры аса қауіпсінбей, оны менсініпкіремей жайбарақаттау тұрады.

Сеңкібай атын жұлдыздай ағызған бетінде сол қолындағы емен сапты найзаны Ноян Қоренге шаншуға ұмсына беріп, ақ семсермен жаудың мойын тұсынан сілтеп үлгереді. Тегеуірінді күшпен сілтенген ақ семсер жау батырының дөңбектей мойнын шауып өтіп, оның басы жерге домалап түседі. Қан шапшыған ауыр дене ат үстінен гүрс құлайды. Жеңіске жігерленген қазақ қолы «Ақжолдап!» ұрандап, жауға қарсы өршелене көтеріледі. Бөгенбай, Малайсары, Олжабай батырлар Әмірсана әскерінің тас-талқанын шығарып, оңтүстік шығысқа қарай ығыстыра қуады. Осы шайқастан кейін Сеңкібайдың есімі елге кеңінен тарай бастайды...

Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте жеткен жеңісті аяғына дейін апара алмаған хандардың алауыздығын кезінде байқаған Төлеби, Қаздауысты Қазыбек, Әйтеке үшеуі 1730 жылдың көктемінде қазақ даласының кіндігі—«Арғанаты тауына (Ұлытау) жинал» деген ұран тастайды. Ұлытау баурайына үш жүзден қырық мыңдай қол жиналады. Алашахан мазарының мінберінен қазақтың біріккен қалың қолына арнап сөз сөйлеген үш жүздің билері халықты бірлікке, ерлікке шақырады. Жоңғар басқыншылығын жоюға, жерімізді, елімізді азат ету жолында намыс ұраны жарияланады. Ишан, молца, ғұламалар құран бағыштап, ақбоз ат шалып, ант алып, намазға жүгінеді. Жасақтардың қолбасшысы болып баһадүр Бөгенбай сайланады.

Алайда, жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес мұнымен тоқтамады. Өсіресе Іле мен Қаратал өзендерінің бойында Қабанбай мен Баян батырлар бастаған қазақ жасақтары дүркін-дүркін жеңіске жеткенімен жоңғар әскерін біржола күйрететіндей күшке айнала алмады. Бұл кез-

де Баян батырдың жасағында болған Сеңкібай талай жойқын шайқастарға қатысады.

Сол бір қиянкескі алапат заманда Абылайханның әскеріне Қалден Цереннің жер қайысқан қалың қолы қарсы шығады. Қазақ батырлары Түркістан шаһарын жаудан босату үшін жан аямай соғысады. Екі жақтан да қан судай ағады. Сан мыңдаған адамдар қырылады, ұрыс бірнеше күнге созылады. Таңертең қағылған шайқас дабылы күн бата ғана толастайды. Түні ойы екі жақ та жаралы, өлген жасақтарды жинайды.

Күз түсіп, лайсаң жаңбыр басталады. Жер ми-батпаққа айналады. Баһадүр Қабанбай, Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек Шапырашты Наурызбай, Арғын Малайсары, Олжабай, Бағаналы Оразымбет, Уақ Баян батырлар, тағы басқалар басқарған жасақтар үздік-үздік жеңістерге жеткенімен жоңғарлардың қалың қолын ойсырата алмайды. Сөйтсе де қазақ әскерлері жауды Іле өзені түкпіріне дейін тықсырып аарады.

Осындай аласапыран, қым-қуайт күндердің бірінде Абылайхан Ордасын Іленің Көктеңізге құятын тұсынан қалың қамыс арасына әкеліп тіктіреді. Бұл жер Іле мен Күркірек атты шағын өзен алқабы еді. Абылай үстіндегі сауытын шешіп, жуынып, сусын ішеді. Содан кейін жайшылықтағы киімімен өзін күтіп отырған қолбасшылар кеңесіне келеді. Абылай күндіз өзіне қарай біреу садақ кезеп атып, жебенің ұшына қағаз байлап жібергенін айтады. Ол қағазда: «Абылай, сақ бол. Бүгін түнде жоңғарлар жаппай шабуылға шығып, қапылыста сені өлтірмек» деп жазылыпты. Хан мәжілісті тез өткізіп, қолбасшы батырларды жасақтарына қайтарып жібереді де, ордасына Баян батыр бастаған мыңдық пен Сеңкібай басқаратын барлаушылар жасағын алып қалады.

Түн ортасы ауа Абылай қалғып кеткен екен «Аттан, Аттан! Жау келіп қалды!» деген үрейлі дауыстан атып тұрады. Өзі де сақ жатса керек. Есік алдына көлденең тартылған атына қарғып мінеді де:—Баян батыр, өз мыңдығыңмен жауға қарсы аттан. Сеңкібай, сен жасағыңмен Орданы хауіпсіз жерге орналастыр. Ордаға ие бол. Ал мен Баян жасағымен бірге боламын,—деп Жалынқұйрығына қамшы басады.

Айсыз қараңғы түн. Нөсерлеп құйған жауын. Аттандаған үрейлі үн. Қапылыста бассалған жау қолы қанша

екенін болжап білу қиын. Жан-жақтың бәрі айқай мен аттан. Кім жау кім өзінікі екенін ажыратып болар емес. Толассыз жауған нөсерден қалың қамыс арасы да ми-батпаққа айналған. Аузы тұмшаланған жүк артқан түйелер тайғанақтай береді. Сеңкібай жасағы өздеріне келіп қалған бір топ жауды найзамен шанышып үлгереді. Абылайдың Орданы өзеннің батыс жағына көшір деген тапсырмасы бар. Бірақ ол жақ сор батпақ және ашық алаңқай. Қаптаған жаудың ұрандаған даусы құлақ тұндырады. Қалың қамыс ішінен жол табу мүмкін емес.

Сеңкібай Орданы жау қоршауынан алып шығудың лажын таба алмай қатты сасады. Өбден қысылған ол аттан қарғып түсіп, құбылаға қарап қол жайып: «Иә, тәбарак, Алаш бабам, Қарқабат анам, жар бола гөр. Қызырғалай әссалам қырық шілтен әулие, өзің қолда!» деп бетін сипай бергенде көз алдына саңқылдаған бүркіт елестейді. Ол «Иә, аруақ!» деп атына қарғып мініп, жасағына «Орданы былай тартыңдар», дейді де жол бастап, қалың қамыс ішіне сұғына кіреді. Бүркіт үні қалай естілсе, солай қарай жүреді. Өйтеуір, өлдім-талдым дегенде таң ата жан-жағы қалың қамыспен, айналасы жалпақ өткелсіз сумен қоршалған үлкен алаңнан бір-ақ шығады. Сол жерге Орданы орналастырып, арнайы күзет қалдырып, Сеңкібай жасағымен бірге Абылай мен Баян қолын іздеп кетеді. Кешегі батырлар кеңесіндегі шешімдері сәтті болған қазақ қолы жеңіске жетіп, жаудың қапылыста қолға түсіреміз деген үмітінің тас-талқаны шығады. Бірақ та жау жақтан хабар берген адам бұл жолы белгісіз болып қалады. Ол тек арада бес жыл өткен соң ғана анықталады.

Абылай түнгі ұрыс қорытындысын шығарып, Сеңкібайдың Орданы хауіпсіз жерге орналастырғанына ризашылық білдіреді. Орда ішіндегі билер Сеңкібайдың тапқырлығына, қараңғыда жол тауып, саңқылдаған бүркіт үніне ілесіп, Орданы аман сақтап қалғанына алғыс сезімдерін білдіреді. Бұл тосын хабарды естіге Абылай: «Иә, Сеңкібай. Онда сен айсыз түнде, нөсерлі жаңбырда қалың қамыс ішінде адаспай жүретін, түнде де тура ұшатын Алтайдың сұңқары болдың ғой. Бұдан былай енді сені Ақиық сұңқар деп атайық» депті. Осыдан кейін Сеңкібай Ақиық қыран, көріпкелі бар киелі батыр ата-

нады. Ертеңінде қазақтың қалың қолының қалмаққа қарсы шайқасы қайта басталады. Ұрыс тағы да бір-неше күнге созылады, Осы жойқын жорық жөнінде Бұқар жырау өзінің жиырма тоғызыншы толғауында:

«Қалденмен ұрысып,
Жеті күндей сүрісіп.
Абылайдың қасында,
Бастарын бай тігісіп.
Сондай ауыр жорықта,
Хандыжаппен соғыста,
Бірге болған батырлар.
Мыналар ед егесіп.
Қара керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай.
Беті қайтпас арыстан,
Шақшақұлы Жәнібек,
Серке қара Тілеуке,
Қара қалпақ Құлашбек.
Тігіден шыққан Ер Терек.
Шапырашты Наурызбай,
Құламенде Жібекбай қасында,
Бақ дәулеті басында.
Сеңкібай мен Шүйбекбай,
Таңсық қожа Мамыт бар.
Қасқараұлы Молдабай,
Қатардан жақсы қалдырмай.
Айнақұл Бәти ішінде,
Өңкей батырды жиысты,
Абылай салды жарлықты.» —деп баяндаған еді.

Абылай бұдан былай Сеңкібай батырды өзінің сенімді серігі деп таниды. Бұл 1748 жыл болатын. Кенеттен Қалден Церен өліп, енді жоңғар қонтайшысы болып, оның ортаншы ұлы Севан Доржи сайланады. Ол өте қатыгез, қанқұмар жан болған. Абылай екеуі біріне-бірі тіс қайраулы еді. Енді Абылай жасағына қарсы Севан Доржидің өзі жорыққа көтеріледі. Адам айтқысыз қан төгіс қайта басталады. Жау жақтан алдымен зеңбіректер гүрсілдеп, жалын атады. Зеңбіректі әскерге қарсы Сеңкібай, Сағымбай, Қанай батырлар бастаған әр мыңдық қол қалың жиыңғылды саймен садақ оғы жететін жерге дейін жасырынып келіп, жау жағы зеңбіректі оқтап үлгергенше атой қойып, садақ тартып, ту сыртын орап, найзалап үлгереді.

Осы сәтті күтіп, биік төбе басында тұрған Абылай қалың қолмен жауды бас салады. Екі айға созылған ұрыстан кейін Қабанбай қолы Жаңақорғанды, Шымкентті алады. Бөгенбай жасағы Сайрам мен Созақты жаудан босатады. Батыр Баян мен Жәнібектің қолы Талас өзені бойы мен Қарақалпақ жерінен жоңғарларды қуып шығып, оларды бүкіл Сыр

бойынан сырғытады. Бұл қазақ елінің жоңғар әскерін мүлдем ойсы-оатып, олаоды атамекеннен қуудың алғашқы ірі шайқасы еді. Ақыры амалы таусылған Севан Доржи Абылай-қан бітім сұрауға мәжбүр болады.

Арада біраз жыл өткеннен кейін Ұлытаудың баурайындағы Кеңгір өзені бойында тұрған Алашахан мазары алдыңға үш жүздің баласы бозқасқа шалып, ақ кигізге көтеріп, Абылайды Үлкен Орда ханы етіп сайлайды. Еңгі қазақ қолы уақытша таратылып, жауынгерлер қол бастаған батырларымен бірге туған жерлеріне, еліне қайтуына мүмкіндік туады. Сеңкібай батыр да з бауырлаосы Жицебай, Шабанбай, Қараменде билермен бірге туған жерлеріне оралады. Бұған қазіргі Қарқаралы, Шет, Ағацыр, Приозерный ауанцарының жері мен елі гатады.

Әруақты бабамызбен бірге талай қанды шайқастарды бастан кешірген, бірге туғандай болып кеткен қырғыз бен табын жігіттері онымен еое келеді. Сеңкібай қасындағы жеңіспен оралған жас жасақшыларды үй-ендіріп, жер беріп, алдына мал салып, ауыл-аймағын кеңейте түседі...

БИАТААТАНҒАН

Осы әңгіменің бірінші бөлімінде Сеңкібайдың әкесі Оразғұлдың бірге туған үлкен ағасы Мойнақтың ел арасындағы дау-дамайларды шешуге етене араласып, билік айтақанын ескерте кеткен болатынбыз. Сол Мойнекеңнің өз кіндігінен Қарамырза атты жалғыз баласы болған. Ұлының күні ертең әке жолын ұстап, билік айтуды мирас етерлік азамат болып өсетініне көңілі дауалай қоймаған Мойнекең іштей қапаланып жүреді. Ол Қарамырзаның ел ісіне араласа алмайтынына барған сайын көзі жеткен соң інісінің жанған оттай болашағы көрініп тұрған тұңғышы Сеңкібайды баулып, тәрбиелеу үшін бауырына салады.

Бұл тұста жас Сеңкібай жүріс-тұрысы, ой-өрісі, іс-әрекетімен түбі елге жаққан білікті азамат болатынын жұртқа таныта бастаған. Ол Мойнекеңді «Жақсы ата» деп атайды екен де, атасы оны тіл-көзден сақтасын дегені ме, әйтеуір «Боқ шірікін» деп еркелеткен. Қалың ел жиналып, билік-бітім айтылатын жерге Сеңкібайды қасынан тастамай алып жүретін Мойнекең кейін оны

әртүрлі шаруаға жұмсап, айтқан тапсырманы тыңшырып келуіне сенім артқан. Бара-бара Мойнекең алдына жүгінуге тұс-тұстан келген адамдар сыртта апдымен Сеңкібайға жолығатын болған. Содан кейін ол атақты биге жүгінуге келгендерді ел арасындағы салт-дәстүрге орай үйге рет-ретімен кіргізіп тұрады екен.

Бірде алыстағы Алтай мен Қаракесектің екі адамы Мойнекеңе даумен келіпті. Өңгіме әлпетіне қарағанда Алтай жағы адамының ісінде шикілік бар екенін Сеңкібай сезіп қалады.

Жаңағы кісілерді билік тыңдауға кіргізер алдында ол кигіз үйдің есігін ашып тұрып: «Жақсы ата!» деп Мойнекеңді өзіне қаратып алып, оның көзінше оң қолын кеудесіне қарай көтере иіп шығып кетіпті. Ол есікті жапқан соң Жақсы атасы сәл езу тартып:

— Өлгі Боқ шіркін не деп кетті? — деп қасында отырған ауыл ақсақалдарына сауал қояды.

Олар ешнәрсе сезіп, ештеңе білмегендерін айтады. Сонда Мойнекең:

Қарына тартпағанның қары сынады, деп кетті емес пе?! — Дәуде болса алыстан ат сабылтып келген кісінің дауы анаған текке жауып жүрген жала шығар,—деп өз байламын алдын-ала айтқан екен.

Ақыл-парасаты көңілге қонымды, пішін-бітімі көзге толымды Сеңкібайды бауырына басқаннан кейінгі біраз уақыттан соң Мойнекең оны билік айтуға араластыра бастаған. Сеңкібай Жақсы атасы сеніп тапсырған шаруаны ойдағыдай орындайтын болған. Ол кезде жесір дауы, жер дауы үзіліп көрмеген ғой. Оның ақыры барымтаға дейін ұшығып, елдің береке-бірлігіне, жұрттың тыныштығына кесірін тигізіп, сүттей ұйыған ағайынды алақөздікке дейін жеткізген. Осындай дүрбелені үлкен бір дау-шарға бітім айтуға Мойнекең шақырылады. Жасы келіп қалған, әрі сырқаттанып жатқан би Сеңкібайды шақырып алып: «Бұл жолы тү іні шиеденіскен егесті шешуге сен жеке ба оасың. Ал сөздің реті, дауласушылардың іс-әрекетіне қарай мынаны айт, ананы істе», деп әдеттегідей тапсырмалар бере бастайды.

Сеңкібай сол кезде он бес жаста болса керек. Ол билік айтуға аттарда үйге кіріп, Мойнекеңе бұрылып, тымағын шешіп, екі қолын кеудесіне қусырып тұрып:

—Жақсы ата, сауға! Сізге бір сөз айтуға рұқсат па?—дейді.

Мойнекең табиғатында түсі суық, ызбарлы адам болған. Ол Сеңкібайға тесіле қарап:

—Көне, айт, тілегіңді!—депті.

Сонда Сеңкібай:

—Жақсы ата, сіз маған дау-шарды шешеріңде олай де, бұлай істе деп тапсырма беріп жатырсыз. Сол үйреткендеріңізді сөздің реті қиысса айтайын ба, жоқ әлде Жақсы атам пәпен деп еді деген оймен бопсалай берейін бе?—дейді.

Атасы оған жалт қарайды да, сұсты пішінмен:

—Боқ шіркін, бара ғой, бара бер енді—деп басын төмен салған бетте үнсіз қалады.

Сеңкібай Жақсы атасына ізет көрсетіп, тағзым етеді де жолға жөнел береді...

Осыдан былай көбіне атқа Мойнекең орнына Сеңкібай мінетін болады. Ол ел арасына іріткі салатын қандай бір шимай-шатақ ұшыққан істердің шешімін Жақсы атасынан кем таппайтын, әділ қазылығына екі жақ та риза болатын аузы дуалы бала би атана бастайды.

Мойнекең Сеңкібайды осылай тәрбиелегенімен оның жалғыз ұлы Қарамырзадан бағы асып бара жатқанын ұната қоймайды. Бұл туралы ел аузында қалған аңыз-өңімелер де баршылық. Соның бірінде мынандай оқыс әрекет сөз етіледі:

Бар билік бірте-бірте Сеңкібайға ауып бара жатқанын сезген Мойнекең бір күні інісі Оразғұлды шақыртып алып:

—Мына балаң ата сыйлаудан қалып, менің тілімді алғысы келмейтін сияқты. Еткен еңбегім, көрсеткен үлгім еш кететін түрі бар. Көзім тірісінде ауа жайылған одан ертең не қайыр, не үміт күтпекпін. Менімен бірге туғаның рас болса осы елден Сеңкібайдың көзін жоғалт!—деп қаһарға мінеді.

Морт мінезді және це жұрт таныған ағасы Мойнекеңнің бір айтқанын екі етпейтін Оразғұл: «Сеңкібай ел қадірлеген ағама қарсы келген шіріген жұмыртқа болды, оны оққа байлаймын» деп Желтау мен Найза деген балаларына Сеңкібайды ұстап, алдына байлап әкелуге әмір етеді.

Өкесінің қатал шешімге келіп, өзінің басына қара түнек үйірілгенін сезген Сеңкібай сол түнде туған жерден жырақ шығып, Үйсін еліне өтіп кету-

қаншама қуғын-сүргін көрсе де жүрегі халқымен бірге соққан көрнекті саяси қайраткер, Алаш азматы, парасатты ұстаз, қазақтан тұңғыш шыққан профессор Әлімхан Әбеуұлы Ермеков оның аталас туысының тұяғы.

Сеңкекең қазіргі Шет ауданының (Жезқазған облысы) Нұра мен Талды өзені түйісетін Қызылтау өңірінде 1786 жылдар шамасында жайлауда дүниеден қайтқан. Осы төңіректегі биіктеу төбенің біріне жерленіп, оған арнап төртқұлақты бейіт салған. Заман озған сайын бейіт желмен мүжіліп, жаңбырмен шайылып, бұзыла бастаған. Кейінде Мойнекең ұрпақтарының бірі— Қарқаралы ауданындағы «Бесоба» совхозының тұрғыны Құдыш қария 1957 жылы бабасының басына құлпытас орнатпаса, Шет ауданы басшыларының бірі болған Мейрам Абақанов, Дулат Смайылов сияқты азаматтардың қолдауымен 1986 жылы сол елдің тұрғындары алыстан көз тартарлық етіп, еңселі зират соқтырып, оның маңдайшасына Сеңкекеңнің есімін тастан өріп жазып қоймаса бабамыздың аты біртіндеп бұлыңғыр тарта берген болар еді.

ҚЫЗЫР ҚОНҒАН

Жоғарыда сөз еткеніміздей, Сеңкекеңнің көріпкел тапқырлығымен талай жойқын шайқастарда жеңіске жеткен Абылайханоны ең сенімді серігім деп танығаны тектен-тек емес. Атағы жер жарған Абылайхан сонау 1740 жылдары Орынборда орыс әкімінен жүргізген келіссөзге Сеңкібайды оң қолым деп ертіп барған. Бұхар жырау, Қаздауысты Қазыбекбиден бата алған әрі батыр, әрі би бабамыздың артында мирас болып қалған бірталай жайды шама-шарқымызша әңгімеге арқау еттік. Сонымен бірге Сеңкекең қызыр қонып, әулие атанған. Оның қалың жау жан-жақтан анталап, нәсерлі жаңбыр шелектеп құйған тас қараңғы түнде Абылайдың Ордасын тынымсыз шаңқылдаған бүркіт дауысы шыққан бетке алып, қалың қамыс арасымен дұшпан көзіне түспей, үш жағын бірдей су қоршаған ашық алаңға аман-есен әкеліп қондыруы да жасынан Қырықшілтен қолдаған аруақтылығынан шығар. Бәйгеге ат қосып, «Сеңкібайлап!» ұран сату да, ауыр науқас жанға батқанда болмаса қиын-қыстау жағдайға тап болғанда «Биатамның аруағы қолдай гөр!» деп сиында да үлкен мән жатса керек.

Иә, жоңғарларға қарсы жойқын шайқастар кезінде басына дулыға, үстіне сауыт киіп, бес қару асынып, ел қорғаны болған Сеңкібай батыр одан кейін қалың

қаум ішінде ақ дегені-алғыс, қара дегені-қарғыс болған Биата дүниеден әулие атанып өтті. Содан бергі екі ғасырдан асып бара жатқан уақыт ішінде оның бейітінде «Жаратқан, жарылқай гөр» деген үмітпен жүрегі шерлі, көңілі жаралы адамдар түнеп, әлем байлауды, жұрт болып жиналып, ас беріп, дұға етуді үзбей жалғастырып келеді. Жолаушылап келе жатқандар, әсіресе, әйелдер бейіт жанынан ізеттілік жасап, жаяулап өтуді парызға санайды.

Сеңкекең бабамыздың аруағына сиынып, оның бейітіне ақ тілек, адал ниетпен түнеген талай жарлы-жақпайлардың, ауру-сырқаулардың, бала сүйіп, перзент көрмеген әйелдердің армандары орындалғаны туралы ел арасына тараған әңгімелер көп-ақ. Осындай шарапатқа куә болған, қазір Қарағанды қаласында тұратын еңбек ардагері Қабден Қабылқасұлы өзі көзбен көрген оқиғаны былайша баяндайды:

«Аласапыран ашаршылық кезінде менің бес жасар шағым болатын. 1933 жылдың ақпан айында Қарқаралының басындағы Қоңыртебе деп аталатын биіктің бауырындағы атамекенді тастап, күн-көріс қамымен Қарағанды қаласына бұрын көшіп кеткен туыстарын іздеп, әкем Қабылқас, шешем Жамал, әжем Әдеқия, мен және қырқынан жаңа шыққан қарындасым түйе жеккен шанамен жол тарттық. Өлдім-талдым дегенде Қарағандыға жеттік. Мұнда сегізінші шахтада тұратын ағайындарға қосылып, көңіліміз дауалағандай болды. Бірақ қуанышымыз көпке бармады. Аштықтан жүдеп-жадаған, қысқы азапты ұзақ жолда суық тиген қарындасым, әжем, одан кейін шешем жарты жылға жетпей, бірінен кейін бірі қайтыс болып, әкем екеуіміз тірі жетім болып қалдық.

Осылай Қарағандыға байыздай алмаған біз 1934 жылдың жазында Шет ауданында тұратын әкемнің қарындасының қолына көшіп баруға мәжбүр болдық. Әкем бақташы, Қарағандыдан бірге келген інісі бригадир, жеңгем сауыншы болып «Қошқарбай» деп аталатын совхоздың (қазіргі «Нұраталды») Қарашілік деген қыстағына орналастық. Екі ағайындының ортасындағы жалғыз бала мен ғана. Жеңгеміз Терлікбай ағаймен бас қосқанына он жыл уақыт өтсе де перзент көрмей, еңірегінде етегі жасқа толып жүрген кезі екен. Сол елдің үлкендері ағалы-інілерге «Сеңкекеңнің басына түнеп, құдайға құлшылық етіп көрсеңдер қайтеді» деп ақыл қосса керек.

1936 жылдың шілде айында пар өгіз жеккен арбамен әкем, жеңгем және бала көтермеген тағы бір көрші әйел

жолға шықтық. Әкем мені «бабамыздың бейітін көрсін, өгіздерге ие болып қолғабыс тигізсін» деген ниетпен бірге алып жүрді. Сеңкекеңнің бейіті біз шыққа фермадан 15 шақырымдай жерде екен. Түс ауа зиратқа жақындадық. Әкем марқұмның молдалығы бар болатын. Колхозшылардан сатып алған тоқтыны сол жерде құрбандыққа шалып, осы маңда отырған ауыл адамдарын шақырып құдайы берді. Бір айта кететін жай құдайы берушілер ырым бойынша өзі сойған малының етін жемек түгілі сорпасын да ішпейді екен. Құдайыдан қайтқанда ауыл адамдары бізді ерте келіп, үйлерінен тамақтандырды.

Тамаққа тойып алған мен іңір түсе арбаның үстіндегі иісі аңқыған көк шөпке жайғасып ұйықтап қалыппын. Таң аппақ атқанда оянам әкем құран оқып отыр екен. Оның арт жағын ала тізе бүккен әйелдер де бастарына ақ жаулық тартып, Аллаға жалбарынып, Сеңкекеңнің аруағына сиынып жатыр. Күн шыға бейіттің жанында отырған ауылдан шай ішіп, үйге қайттық...

Алдымыздан анадай жерден бізді қарсы алған әкемнің інісі Терлікбай біртүрлі қуанышы қойнына сыймағандай болып көрінді. Ол өткен түнде көрген түсін әкеме жорытып жатты. Терлікбай ағаның: «Таңға жақын басына ақ сәлде ораған ақ сақалды адам «Терлікбай, орныңнан тұр! Мен бабаңмың. Мынаған ие бол! Бір қажетіңе жарап қалар», — деп беліне кездік байлап кеткен екен. Түсті жорыған әкем: «Құдай берді. Енді түсіңді тіс жарып ешкімге айтпа» деп тапсырды.


Сонымен не керек 1937 жылдың желтоқсанында екі әйел де бір айда босанды. Жеңгем ұл туды. Атын азан шақырып, Жасқайрат қойды. Сол Жасқайрат

бауырым 1988 жыл елу екі жасында дүние салды. Артында екі ұлы мен үш қызы қалды. Қазір олар Ульянов ауданының «Көктал» совхозында тұрады.

Әсіре сөзі де, ойдан шығарған қоспасы да жоқ өмірде болған шындықтың бір үзік сыры осындай. Мұндай таңғажайып оқиғаны көркем табиғатты Қарқаралы мен Шет аудандарын мекендеген ел арасынан жиі естуге болады...

Қазақ халқы төрт түкпір әлем таныған егеменді ел атанған бүгінгі шақта туған топырағынан шыққан дуалы ауыз билері мен ел қорғаны болған батырларының, әулие атанған дұғалы данагөйлерінің әруағы алдында бас иіп, ас беріп, еске алып жатқан шақта Сеңкекеңнің ұмыт қала беруі тіпті қисынсыз-ақ дер едік. Түптеп келгенде есімі халқымыздың бір тума перзенттері жоңғар, қалмақ шапқыншыларының жойқын жорықтары мен Қытай алпауыттарының көз алартуынан «Ақтабан шұбырынды, алқакөл суламаға» ұшыраған қазақ ұлтын жер бетінен құрып кетуден аман алып шыққан Абылай бастаған баһадүр батырлар Қабанбай, Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Малайсары, Баян, Наурызбай, Олжабай және басқалардың қатарында аталатын Сеңкібай Оразғұлұлына бағыштап дұға оқуды ұйымдастыру оның қазір Қарқаралы ауданында өсіп-өніп отырған көптеген ұрпағының қолынан келері хақ. Мұны жұрттың барлығы құптап, қолдайтынына да күмән жоқ. Өйткені, елі ардақтаған ата-бабасына арнап ас беру— Алаштың қашаннан бергі адамгершілік борышы.

Қалкен МӘКЕНБАЙҰЛЫ,
дербес зейнеткер.
Базарбай МҰСТАФА,
Қазақстан Журналистер одағының
мүшесі.



Қарқаралы. - 1992. - № 7/8. - 3-11 б.